Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Наурыз айы І-ші апта

**Топ:** Кіші топ «Еркетай»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 02.03 – 06.03.2026ж

Апта дәйек сөзі: «Тәуелсіздік- тәтті сөз ғана емес,ұлттық жауапкершілік»

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҚР әнұраны** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – қазақ халқының асыл мұрасымен баланы қауыштыру. «Жезкиік»* | *Күй әуені – баланы ізгілік пен өнерге тәрбиелеу. «Саржайлау»* | *Күй күмбірі – баланы шаттыққа бөлеу, ұлттық рухты сезіндіру. «Табиғат»* | *Күй күмбірі – баланың көңілін көтеру, ұлттық болмысқа жақындату «Адай»* | *Күй күмбірі – қазақтың тарихын бала жүрегіне жеткізу «Ерке сылқым»* |
| | *Баланы есік алдынан қарсы алу, ата-анасымен бірге топқа кіруіне жағдай жасау. Ата-анасынан кешегі ұйқысы мен таңғы көңіл-күйін сұрау. Дене қызуын өлшеп, сыртқы белгілерін бақылау. Киімін шешуге толық көмектесу* | *Баланы күлімсіреп қарсы алып, өзі топқа кіріп баруына мүмкіндік беру. Дене қызуын тексеріп, жалпы қимыл-қозғалысына назар аудару. Киімін шешуді өзі орындауға дағдыландыру, тек қиын сәттерде көмектесу. Баланың достарымен* | *Баланы жылы сөзбен қарсы алып, достарымен амандасуына жағдай жасау. Денсаулығына назар аудару: көз, құлақ, бет-әлпетін сырттай бақылау. Киімін шешу және шкафқа реттеп қоюды өздігінен орындауға дағдыландыру* | *Баланы есік алдынан қарсы алып, көңілін көтеретін сөздер айту. Ата-анамен қоштасуды жеңілдету үшін қысқа ритуал енгізу («қол бұлғап қоштасу»). Киімін шешуде белсенді қатыстыру, жеңіл киімдерін өзі шешуіне мүмкіндік беру.* | *Баланы есімімен атап, құшақтап қарсы алу. Ата-анадан қысқаша ақпарат алу, баланы бірге топқа кіргізу. Денсаулығын бақылау: дене қызуы, көңіл-күйі. Киімін шешуде көмектесе отырып, жеңіл әрекеттерді (қалпақ, шарф) өзіне орындауға үйрету.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(аяқ киім, сырт киім).* | *бірге ойнауын қолдау, шағын топтық ойындарға тарту.* | *(тәрбиеші тек қадағалайды).* | *Жаңа ойындарға шақырып, топ ішінде өзін еркін сезінуіне жағдай жасау.* | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала дамуы туралы кеңес беру.* | | | | |
| | *Бақшаға уақытында келу – тәртіп екенін айту.* ***Кеңес:*** *Таңертең асықпай дайындалыңыз.* | *Уақытында ұйықтау – денсаулыққа пайдалы екенін айту.* ***Кеңес:*** *Кешкісін балаға ерте жатып, ертегі оқып беріңіз.* | *Жолда абай болу – қауіпсіздік екенін айту.* ***Кеңес:*** *Жолдан өткенде қолынан ұстап, бағдаршамды көрсетіңіз.* | *Жеміс-жидек жеу – күш-қуат беретінін айту.* ***Кеңес:*** *Үйде балаға алма, банан жегізіп, үлгі көрсетіңіз.* | *Қимыл-қозғалыс – денені шынықтыратынын айту.* ***Кеңес:*** *Таңертең 2-3 қимылды жаттығуды бірге жасаңыз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Картотека №1*** *Дид ойын: «Көжекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауды үйренеді.* | ***Картотека №2*** *Дид ойын: «Макарон моншақтар»* ***Мақсаты:*** *Балалар моншақ жасауды үйреніп, пішінін атай алады.* | ***Картотека №4*** *Дид ойын: «Түрлі түсті жолақшалар» Мақсаты: Балалар ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуді үйренеді.* | ***Картотека №5*** *Дид ойын: «Түрлі түсті маталар» Мақсаты: Балалар түстерді ажырата білуді үйрену арқылы таным белсенділіктері артады.* *.* | ***Картотека №7*** *Дид ойын: «Балықты ұста» Мақсаты: балалар заттың түсін дұрыс ажыратып, атай біледі.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік | *Наурыз айының 1-* | *Наурыз айының 1-* | *Наурыз айының 1-* | *Наурыз айының 1-* | *Наурыз айының 1-* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жаттығу | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, қолымызды жуған кезде суды көп ағызбайық.*<br>*– Ас ішкенде де үнемді болайық: тамақты төкпей, шашпай жейік.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Су шашпаймыз, еденді былғамаймыз. Ылғал жерде абайлап жүреміз.*<br>*– Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз, қасық пен ыдысты дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Үнемді болу – әдемі әдет. Суды да, тамақты да ысырап етпей, керек болғанда ғана пайдалану керек.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы балаларға кедергі келтірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Нан – ең қымбат ас. Нанды жерге тастамаймыз, оны үнемдеп жейміз. Нан – дастарқанның берекесі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Нанмен ойнамаймыз, үстел үстіне тастамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жеткілікті ғана алайық. Артық алып қалдырмайық. Бұл – үнемді болудың белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз. Асықсақ, қақалып қалуымыз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Табақтағы тамақты төкпей, шашпай жейік. Артық алып қойсақ, ол ысырап болады. Әр ас – үлкендердің еңбегі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз. Қолымыздағы ыдысты абайлап ұстаймыз.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Кім қалай дыбыстайды?»*** | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Түсті тап»***<br>*Тәрбиеші: «Қызыл* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Жапырақ терейік»*** | ***«Шабыт» жобасы***<br><br>***Ойын: «Құс болып ұшайық»*** | ***«Қамқор» жобасы***<br><br>***Ойын: «Досыма берейін»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *Тәрбиеші: «Ит қалай үреді? Қой қалай маңырайды? Әтеш қалай шақырады?» – деп сұрайды.*<br>*Балалар: «Ав-ав!», «Мә-мә!», «Ку-ка-ре-ку!» деп жауап береді.*<br>***Мағынасы:*** *сөйлеу тілін дамыту, дыбыстарды ажырата білу.* | *түсті тауып бер!» – дейді. Балалар қызыл ойыншықты көрсетеді.*<br>*«Көк түсті тауып бер!» – көк затты көрсетеді.*<br>***Мағынасы:*** *түстерді ажыратуға, есте сақтауға үйрету.* | *Тәрбиеші еденге қағаздан жасалған «жапырақтарды» шашып қояды.*<br>*«Балалар, жапырақтар жерге түсіп қалыпты. Қане, бәріміз жинап көмектесейік».*<br>*Балалар жапырақтарды көтеріп, себетке салады.*<br>***Мағынасы:*** *еңбекке баулу, тәртіпке үйрету.* | *Тәрбиеші: «Қане, бәріміз құс болайық. Қанатымызды қағып ұшамыз!» – дейді.*<br>*Балалар қолдарын жайып, құстай айналып жүгіреді.*<br>***Мағынасы:*** *қиялды дамыту, шығармашылыққа жетелеу.* | *Тәрбиеші қолына ойыншық ұстайды: «Менің ойыншығым бар, досыма берейін» – дейді.*<br>*Балалар кезекпен ойыншықты бір-біріне береді: «Ал, саған!» – деп.*<br>***Мағынасы:*** *бөлісуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | ***«SMART BALA»*** *ЖОБАСЫ - танымдық-зерттеушілік және* ***«Шабыт»*** *ЖОБАСЫ -шығармашылық-эстетикалық* | | | | |
| | ***Миға шабуыл***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Күн күледі,*<br>*Жер түледі.*<br>*Бұл қай мезгіл?*<br>***Балалар: Көктем.***<br>*Ал сіз қалай болжадыңдар?*<br>*- Өйткені көктемде күн жылып, қар ериді т.б.*<br>*- Терезеден* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар стол үстінде суреттің репродукциясы бар матамен жабылған мольбертті көреді.*<br>***Миға шабуыл***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Қар мұз еріп, су көбейіп,*<br>*Сай салаға толады.* | ***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>*Қолымызды мықтап ұстап,*<br>*жылулықты сезінейік.*<br>*Айналайық,*<br>*Күніміздей күлейік.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Көктемге қонаққа барғыларың келе ме?***<br>***Психологиялық сәт.*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар мен сендерге қызық ойын әкелдім. Ойнаймыз ба?*<br>***Қим ойын: «Ағыс бойымен»*** *балалар лентадан секіреді.*<br>***Тосын сәт***<br>*Ой балалар қарандаршы анау не?*<br>*Ашық жерде, кішкентай сұр қоян тұр.* | ***Дид ойын: «Ғажайып қоржын»***<br>***Шарты:*** *Қалта ішінен шыққан заттарды атау.*<br>*Ғажайып қалта жұмсақ допты көрсетіп.*<br>*-Мынау не ?*<br>*-Ол неге ұқсайды ?*<br>*-Доппен не істейсіңдер?*<br>*-Неден жасалған доп?*<br>*Қуыршақты көрсету.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қарайықшы,бүгін күн қандай?<br>Б:- Шуақты, жылы, көктем.<br>– Осындай тамаша күнде адам далаға шыққысы келеді. Мен сендерге көктемгі орманға серуендеуді ұсынамын.<br>Көктемде орман өте қызықты болады.<br>Барамыз ба?<br>Балалар: - Иә!<br>**Психологиялық кезең.**<br>Ал енді көзімізді жұмып, өзімізді елестетейік<br>Күнді жылы, көктемгі орманда, құстар сайрап жатыр («табиғат дыбыстары» дыбысы жазылады).<br>Көзімізді ашамыз.<br>«Көктемгі орман» | Бүршік жарып, жарық ашып,<br>Гүл бәйшешек басады.<br>**(Көктем).**<br>**Суретті ашу.**<br>- Бұл сурет не туралы? Көктемнің қандай белгілерін байқадыңдар? (биік көк аспан, борпылдақ қар, суретті күн басқан, қайың бұтақтары қара емес, қызғылт түсті).<br>Тәрбиеші: Дұрыс, балалар, көктем келіп, ұзақ қыс ұйқысынан оянды.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Ал көктемнің қандай түстері бар екенін суретшілер өз суреттерінде қалай бейнелегенінен көрейік<br>- Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар: күн жарқырап тұр ма? Неліктен олай ойлайсыз, өйткені суретші оны салмаған? | Қане көзімізді жұмып, көктемді елестетеміз. Аудио дыбыс қосу.<br>Құстар ұшып жүр, сылдырлып су ағып жатыр, көк шөптер шыққан, гүлдер өскен.<br>Міне көктемге қонаққа келдік.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Көктемгі бейне көрсетілім**<br>Ал мынау үй иесі.<br>( көктемгі қуыршақты көрсету)<br>Амандасу.<br>-Көктем қандай болады?<br>**Дид ойын: «Белгілерді ата»**<br>-жылы, жеңіл, әдемі, гүлденген, хош иісті, көптен күткен т.б.<br>Дамытушы бұрыш.<br>**Көктем бейнеленген көрініс.** балаларды көктемгі шалғынға апарады; **көктем туралы суреттер** | (Экранда қоян пайда болады) Ой балалар біз секіріп жүріп орманға кіріп кеттік.<br>**Сәлем, қоян!**<br>**Қоян: Сәлем балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын.**<br>Сендер өте көңілді жүресіңдер, құстарды қорқытпайсыңдар ма ?<br>Біз құстарды қорқытпай ойнадық.<br>Қарашы, қоян, біз қалай секіре аламыз, сен қалай секіресің қоян. Қоянмен бірге секіру.<br>Қоянға тақпақ айтып берейік.<br>**Тақпақ.**<br>**Секең-секең ақ қоян,**<br>**Саған не деп ат қоям.**<br>**Сәбіз берем, шөп берем,**<br>**Көжегіңді бақ қоян.**<br>Қоян менің қарным ашып тұр.<br>Мені | Қуыршақты сыйпаттау (Көйлегін , түсін , шашын , әдемілігін айтады).<br>машина ойыншықты шығару.<br>- Мынау не?<br>- Кәне, машинаның түсі қандай ?<br>Ой балалар мынау не Ағаш ол майысып, сынуға жақын қалған.<br>Қане ағашқа көмектесеміз бе?<br>Кішкене тынығып алайық<br>**Сергіту сәті. Музыкамен «Тамаша күн»**<br>**Ой қозғау.**<br>Қазір күн қандай?<br>Қар не істеп жатыр?<br>Сендер қалай киіне бастадыңдар?<br>Күнді қарайықшы қандай көңілді, жарқырап тұр.<br>Енді бізге көктем келеді.<br>Ағаштарда жапырақтар өседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *слайды*<br>*Ал көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>*Қар еріді, бүршік жарған ағаштар, жасыл шөптер көріне бастады, күн жылый бастады, құстар ұшып келеді, жылы жел соғады жеңіл киім киеміз.*<br>*Көктемгі орманда қар еріген бойда бірден гүлдер пайда болды.*<br>***Ой қозғау. Сұрақ-жауап.***<br>*-Ал көктемде орманда ең бірінші пайда болатын гүлді қарайықшы.*<br>***«Алғашқы көктем гүлдері» слайд****.*<br>*Одуванчик*<br>*Көктемгі орманда жануарлар тіршілігінде де өзгерістер болады.*<br>*Қандай жабайы аңдарды* | *Қане суретшіге көмектесеміз бе?*<br>***Дид ойын: «Күн жарқырайды»***<br>***Жүргізілу барысы:***<br>***1.***_Қиылған сары түсті дөңгелек пішінді жапсырамыз._<br>*2.Жапсырған пішінге боялмаған күннің шуақтарын жапсыру.*<br>*3. Боялмаған шуақтарды сары түске бояу.*<br>*Күн жарқырады, шуағын шашты.*<br>*Біз суретшіге көмектестік.*<br>***Сұрақ жауап***<br>*Күннің қандай пайдасы бар?*<br>*Күн жылиды, өсімдіктер өседі ......*<br><br>***Тақпақ***<br>*Көктем күні әдемі,*<br>*Жерде гүлдер өскенде.*<br>*Көктем күні әдемі,*<br>*Жерде шөптер өскенде.*<br>*Көктем күні шуақты,*<br>*Жарқырап тұр* | ***Балалар, көктемде табиғатта не болады?***<br>***Дид ойын: «Топтастыр»***<br>***Шарты:*** *Берілген суреттерден көктем мезгілгне байланысты суретті алып топтастыру.*<br>*- қар еріп жатыр (суреттерді табу)*<br>*- күн жарқырайды (сурет);*<br>*- ағындар*<br>*- ағаштарда бүршіктер пайда болады.*<br>***көктемнің белгілерін дұрыс таптыңдар.***<br>***Дид ойын: «Көктем алаңқайы»***<br><br>***алаңқайға барады: ағаштардың, бұталардың, ойыншықтардың сұлбасы бар, жабайы жануарлардың бейнесі***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, біз орманға* | *тамaтандырыңдаршы .*<br>*Қоян сен сәбіз жейсің бе, қазір саған сәбіз жасап береміз.*<br>***Дид ойын: «Қоянға сәбіз»***<br>***Шарты: Ермексаздан сәбіз жасау. Рақмет балалар.***<br>*Балалар, қоянмен қоштасыңдар, әрі қарай жүреміз.*<br>*Біз көктемге қуанамыз, өйткені көктемде күн жарқырап, шөп жасылға айналады, көшеде серуендеп, ойнауға болады. Қазір ойын ойнаймыз*<br>***Дид ойын: «Гүлдерді жина»***<br>***Шарты:*** *Үш түрлі себетке түсіне сай гүлдерді жинау.*<br>*Жарайсыңдар, балалар, барлық гүлдер жиналды.*<br>*Енді демалып алайық*<br>***Сергіту сәті. Музыкамен.*** | *Далада шөптер, гүлдер өсе бастайды.*<br>***Бәріміз бірге айтайық: «Көктем сені күтіп жүрміз көптен.»***<br>***Дид ойын: «Ағашты безендір»***<br>***Шарты:*** *Ағашқа ермексаздан бүршік жапсыру.*<br>*Жұмыстың орындалу ретін түсіндіру.*<br>*Ағаш қандай әдемі болды, ол сендерге әдемі еткендерің үшін рақмет айтып жатыр.*<br>***Тақпақ. Көктем***<br>*Сұлу* ***көктем*** *есігін ашып,*<br>*Шуағын бізге шашады.*<br>***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>**Ұ.О:**<br>***«Ұшты-ұшты»***<br>***Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *білесіңдер?*<br>***түлкі, тиін, аю, қасқыр, қоян ...***<br>*Неліктен оларды жабайы деп атайды?*<br>***Көктемде жануарларға не болады****?*<br>*Қысқы пальтоларды жазғы киімдерге ауыстырды.*<br>***Қыста қоян қандай болды?***<br>*Балалар: Ақ.*<br>*Ал көктемде? Сұр.*<br>***Аю қыста не істеді?***<br>*ұйықтап қалды.*<br>*Ал көктемде? Оянады.*<br>***Ал көктемде құстарға не болады?***<br>*құстар қайтып келеді.*<br>***Құстар көктемде не істейді?***<br>*Ұялар салады.*<br>***Дид ойын: «аңдарды*** | *көктемде.*<br><br>***Қортынды.***<br>***Сұрақ – жауап.***<br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Балалармен амандасу***<br>***2.Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.***<br>***«Орман аңдары»***<br>*1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.*<br>*2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.*<br>*3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.*<br>*4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Тыныс алу жолдарына арналған жаттығулар кешені.***<br>***«Орманға келдік*** | *келдік. Орманда не тұрады?* ***Түлкі, қасқыр, аю, қоян.***<br>*Ал енді балалар, шыршаның астында не тығылып тұрғанын көрейік.*<br>***Дид ойын: «Анасын тап»***<br>***Бұл не?***<br>*(кішкентайын көрсетеді)*<br>*бұл кішкентай түлкі!*<br>***(түлкінің баласы мыршай деп аталады.)***<br>*Ал ана-түлкі қайда тауып қасына қоямыз.*<br>*Ойын қайталанады*<br>***бұл не? Қонжық. Анасын тап.***<br>*Ойын дәл осылай қайталанады*<br>***Нәтиже:***<br>*Жарайсыңдар! Жабайы аңдарды, олардың төлдерін білесіңдер.*<br>***Дид ойын: «Ауыл ауласы»***<br>*Балалар қараңдаршы,* | *Ой балалар біздің әнімізден аю оянған. Алақай аюды ояттық. (экранда пайда болады)*<br>*Сәлем аю!*<br>*Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер маған қонаққа келдіңдер ма.*<br>*Сендер мен сияқты жүруді білесіңдер ма? Ендеше мен сияқты жүріңдер.*<br>*Міне менің үйіме келдік.*<br>*Мен ұйқыдан енді ояндым менің үйіме көп заттар керек. Маған көмектесесіңдер ме?*<br>*Б: Жарайды.*<br>***Дид ойын: «Аюдың дастарханы»***<br>***Шарты:*** *Аюға ыдыстарын, жиһаздарын жасау. Балалар топқа бөлініп аюға көмектесейік.*<br>***1-топ:*** *Аюға жиһаз құрастыру. Стол, орындық.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***салыстыр»***<br>*Түлкі мен қоян олардың қайсысы ұзын, қайсысы қысқа, қалай білуге болады?*<br>*Біз өлшеуіміз керек.*<br>*Қалай?*<br>*Бір-біріне арқасын тіреп, қасына қою керек.*<br>*Қайсысының бойы ұзын?Түлкі.*<br>***Салыстыру.***<br>*Аңдардың қайсысы жоғары тұр, қайсысы төмен тұр?*<br>*Тиін мен қоянды салыстыр.*<br>*Қоян төмен тұр.*<br>*Балалар, қараңдаршы, біздің аңдар қап әкеліпті. Қызық, ішінде не бар?*<br>***Дид ойын: «Ғажайып қалта»***<br>*Экранға қарап, онда не бар екенін айт?*<br>*Балалар:* | ***пойызбен»***<br>*Орманға келдік пойызбен:*<br>*Чух-чух-чух, Чух-чух-чух,*<br>*Қандай ғажап алаңқай,*<br>*Қандай әсем, алақай!*<br>*Кірпі келеді домалап:*<br>*П-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф!*<br>*Алмаларды арқалап:*<br>*Фэф-р, Фэф-р, Фэф-р!*<br>*Міне, ұшып ара келді,*<br>*Балаларға бал әкелді:*<br>*З-з-з! З-з-з!*<br>*Шынтаққа келіп қонды:*<br>*З-з-з!З-з-з!*<br>*Мұрынға қарай ұшты ол:*<br>*З-з-з!З-з-з!*<br>*Есек сонаны қорқытты:*<br>*Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!*<br>*Бар орманды шулатты:*<br>*Й-а-а! Й-а-а!Й-а-а!*<br>*Аспанда қаздар ұшып барады,*<br>*Есекті көріп қаздар қиқулады:*<br>*Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!* | *бұл не?*<br>*( дизайнерден үйді көрсетеді)*<br>*Балалар: Бұл үй!*<br>*Үйлерде кім тұрады?*<br>*Ана, әке, аға,әпке, ата, әже.*<br>*Ал жануарлардың қайсысы адамның қасында тұрады?*<br>*Мысық,ит, жылқы, сиыр, қой.*<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>*Шарты: Қиынды суреттерден осы жануарлардың төлдерін құрастырып ,тауып бер.*<br>*Балалар, біздің мысық ойнағанды жақсы көреді.*<br>*сендер торғай боласыңдар, ал мен мысық боламын.*<br>***Қим ойын: «Торғайлар мен мысық»***<br>***Ой дамыту.***<br>*торғай, қарға, сауысқан бұлар не?* | ***2-топ:*** *Дастархан үстіне ыдыстарды жапсыру.*<br>***3-топ:*** *Аюдың алжапқышына гүл салып бояу.*<br>*Аю рақмет айтып, балалар қоштасу.*<br>*Ал балалар* ***«Ағыс бойымен» қайта секірейік, балабақшаға барамыз.***<br>*балалар лентадан секіріп, топқа келу.*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Балалармен амандасу***<br>***2.Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.***<br>***«Орман аңдары»***<br>*1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.*<br>*2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.*<br>*3. «Көжек» Қолды* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Геометриялық пішіндер*<br>*Оларды атай аламыз ба?*<br>*Балалар: Шеңбер, шаршы, сопақ, үшбұрыш, төртбұрыш.*<br>*Экранда үй көрсетілген, ол неге арналған?*<br>*Құстар үшін. Ол қалай аталады?*<br>*Құс үйі. «Құс үйі» слайды.*<br>*Балалар, құс үйіне қараңдаршы, ол қандай геометриялық пішіндерден тұрады? Аты?*<br>*Үшбұрыш, шаршы, шеңбер, тіктөртбұрыш.*<br>*Үшбұрыштың түсі қандай?*<br>*жасыл.*<br>*Шаршының түсі?қызыл.*<br>*Шеңбердің түсі қандай?Сары.*<br>*Тік төртбұрыш* | *Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!*<br>*Негізгі қимылдарды орындау:*<br>***Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу.***<br>***Ойын жаттығуы**: «Маған қарай еңбекте!» – бір-біріне кедергі жасамау, бір-бірімен соқтығыспау.*<br>***Екі аяқпен секіру** (аяқты бірге қосып – аяқты алшақ қойып).*<br>*Қуыршаққа балалардың қалай секіретінін көрсетуді ұсынады. Екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілуіне назар аударды.*<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кетті, кетті орамал».*<br>*Шеңбер бойымен шапшаң қозғалатын ойын бастаушы болып, балалардан орамалды алып қоюға тырысады*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: Шуақты*** | ***Құстар.***<br>*Құстар үйі қалай аталады? **Ұя***<br>***Дид ойын: «Құс ұясы»***<br>***Шарты:***<br>*Геометриялық пішіндерден ұя жапсыру.*<br>***Дид ойын: «Ағаштар оянды»***<br>***Шарты:** Көктем ағашының суретін салу.*<br>*Ағаштың дайын сұлбасына, саусақпен бүршік салу.*<br>***Жасаған жұмыстарын көктемге сыйға тарту.***<br>***Қортынды***<br>***Дид ойын: «Жол»***<br>***Шарты:** жасыл матадан тігілген жол оның үстінде ақ көк түсті картоннан жасалған гүлдер.*<br>*Ақ гүлдердің арасымен қыздар, көк гүлдердің арасымен ұлдар жүріп* | *кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.*<br>*4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Тыныс алу жолдарына арналған жаттығулар кешені.***<br>***«Орманға келдік пойызбен»***<br>*Орманға келдік пойызбен:*<br>*Чух-чух-чух, Чух-чух-чух,*<br>*Қандай ғажап алаңқай,*<br>*Қандай әсем, алақай!*<br>*Кірпі келеді домалап:*<br>*П-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф!*<br>*Алмаларды арқалап:*<br>*Фэф-р, Фэф-р, Фэф-р!*<br>*Міне, ұшып ара келді,*<br>*Балаларға бал әкелді:*<br>*З-з-з! З-з-з!*<br>*Шынтаққа келіп қонды:*<br>*З-з-з!З-з-з!*<br>*Мұрынға қарай ұшты ол:*<br>*З-з-з!З-з-з!* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ше?Көк.*<br>*Дұрыс, жарайсыңдар!*<br>***Сергіту: «Жел»***<br>*Ағаш тербеледі*<br>*Бетімізге жел соғады*<br>*Тыныш жел, тынық жел*<br>*Ағаштар сыбдырлайды..*<br>*Экрангнан тиіндерді көрсетеді.*<br>*Көңілсіз. Не деп ойлайсың?*<br>*Оларға жаңғақ керек. Ендеше оған жаңғақтар сыйлайық.*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Дид ойын: «Тиінге жаңғақ»***<br>*Шарты: Ермексаздан жаңғақ жасау.*<br>*Енді тиінге жаңғақты көрсетейік.*<br>*Оған өте ұнады, барлығына үлкен* | ***көктем***<br>*Балалардықарсыалып,көңілдісеруенгешақырады,танысәуенырғағымен («Марш»Е.Брусиловский)ілесе адымдап,нықбасыпжүрудіұсынады.*<br>*Біз адымдап жүреміз!Бір,екі, үш!*<br>*Серуендеп келеміз!Бір,екі, үш!*<br>*Балалардыңқосылуынсұрайды.*<br>*Суреттеркөрсетіліп,көктеммезгілітуралыәңгімелеу.*<br>*Балалар,қараңдаршы,қандайәдемігүлдер!*<br>*Балалардыңназарыналдыналадайындалғангүлдергеаударады.*<br>*Көктем қандай тамаша!Алуан гүлдер тұр тұнып,Демалайықотырып, – деп,демалуғаотырады.*<br>***Музыкатыңдау:****Үнтас паданқұстардыңдауысынтыңдау.* | *балабақшаға қайту.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>**Ұ.О:**<br>***«Сақина жасыру»***<br>***Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | *Есек сонаны қорқытты:*<br>*Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!*<br>*Бар орманды шулатты:*<br>*Й-а-а! Й-а-а!Й-а-а!*<br>*Аспанда қаздар ұшып барады,*<br>*Есекті көріп қаздар қиқулады:*<br>*Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!*<br>*Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!*<br>*Негізгі қимылдарды орындау:*<br>***Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу.***<br>***Ойын жаттығуы****:*<br>*«Маған қарай еңбекте!» – бір-біріне кедергі жасамау, бір-бірімен соқтығыспау.*<br>***Екі аяқпен секіру*** *(аяқты бірге қосып – аяқты алшақ қойып).*<br>*Қуыршаққа балалардың қалай секіретінін көрсетуді ұсынады. Екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілуіне назар аударды.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *рахмет!*<br>***Дид ойын:***<br>***«Көктем ағашы»***<br>*Үстелдеріңізде ағаш бұтағы бейнеленген бүгін біз саусақпен сурет саламыз.*<br>*Қортынды Балаларды мадақтау.*<br><br>*Музыка:Пән жетекшісінің жоспары бойынша*<br>**Ұ.О:**<br>***«Асық ойындары» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | *Балалар,дауыстыес тіптұрсыңдарма?*<br>*Құстарқалайдыбыс тайдыекен?*<br>*Қандайқұстардыбіл есіңдер?(Құстардыңсу ретіннемесеслайдкөрсе ту).*<br>*Құстарқалайұшады ?*<br>***Ән айту:«****Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші реет орындағанда балаларға тәрбиеші мәтінге сай қимылдарды көрсетеді. «Мерекең менанашым» (Б.Қыдырбек,И.Сапарб ай)әнінқайталау,ескет үсіру****.***<br>*Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар :*<br>*Қандай қызық көктемде,Күн шуағын төккенде,Гүлтерейікал уан,*<br>*Шығып алып бөктерге! –* | | *Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кетті, кетті орамал».*<br>*Шеңбер бойымен шапшаң қозғалатын ойын бастаушы болып, балалардан орамалды алып қоюға тырысады*<br><br>**Ұ.О:**<br>***«Асық ойындары» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *деп,гүлдералудыұсынады.<br>«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская)<br>(қайталау)<br>қимылдарын көрсетіп, балаларды бигемашықтандырады.<br>«Балаларменжаңбыр»ойыны(«Жаңбыр» Г.Абдрахманова,«Полька»П.Чайковский)<br>«Жаңбыр»жауғанда« тамшылар»таяқшаларыналып,педагогбалаларды айналаженілжүгіреді.Балалар қолшатыр астынажасырынады.<br>Бәрі:Жаңбыр,жаңбыр, төк-төк!<br>Болсынегінкөп-көп!<br>Көңілді полька ойналады.<br>Күннің көзі ашылды,Алтынн ұрыша шылды!–<br>деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді.Ойын2-3 рет қайталанады.* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ұ.О:**<br>***«Ақсерек-көксерек» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | | | |
| Серуенге дайындық | *Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Киіну ретін үйрету: алдымен шалбар, кейін күрте.*<br>*Киінген балаларды мадақтау.*<br>*Серуенде тәрбиешімен бірге жүруге үйрету.*<br>*Балаларға серуенге шыққанда табиғатты көреміз деп қызықтыру.* | *Киімдерін киюде бір-біріне көмектесуге баулу.*<br>*Қауіпсіздік ережесі: «Ағашқа шықпаймыз, бір-бірімізді итермейміз».*<br>*Қатармен жүріп, тәрбиешінің сөзін тыңдауға дағдыландыру.* | *Балаларға бас киім, қолғаптың жылу үшін қажет екенін түсіндіру.*<br>*Аяқ киімін дұрыс киюге көмектесу.*<br>*Қауіпсіздік ережесі: «Тасты алмаймыз, таяқпен ойнамаймыз».*<br>*Қол ұстасып жүруге баулу.* | *Серуенге шықпас бұрын ойыншықтарды орнына қоюды ескерту.*<br>*Киінгенде жеңінен өткізіп көмектесу, түймелерін қадап беру.*<br>*Қауіпсіздік ережесі: «Тәрбиешіден алыс кетпейміз».*<br>*Балаларды қатарға тұрғызып шығару.* | *Балаларды серуенге шығатынын айтып, көңіл-күйін көтеру.*<br>*Киінуге көмектесу: алдымен аяқ киім, содан соң бас киім.*<br>*Серуен алдында қауіпсіздік ережесі: «Жүгірмейміз, бір-бірімізді итермейміз».*<br>*Қол ұстасып, тәрбиешімен бірге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 7***<br>*Жылғалар мен шалшықтарды бақылау* | ***Картотека №11***<br>*Ағаштарға бақылау жасау* | ***Картотека №16***<br>*Бұталарды бақылау.* | ***Картотека №18***<br>*Құстардың ұшып келуін бақылау* | ***Картотека №19***<br>*Қараторғайларды бақылау* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Көктем серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балалар киімдерін ретімен шешіп,* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге,* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін кезекпен шешіп, орындарына* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балалар киімдерін шешкен соң тәрбиеші* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды тәрбиеші көмегімен сырт* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тәрбиешінің көмегімен жинайды.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жуу кезінде* «Жуамыз – шайамыз – сүртеміз» *деп ойын түрінде қайталау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну барысында суды шашпай, сабынды үнемдеуді көрсету.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуған соң балаларды үстел басына отырғызу.* | *орындыққа немесе сөресіне қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Әр баланың қолын тәрбиеші көмегімен сабындап жуу, сүлгісіне сүрту.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамауды, тек қол жуу керегін ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды ас алдында тыныштық сақтауға дағдыландыру.* | *қоюға дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жуып болған соң сүлгісін дұрыс қолдануды көрсету.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды үнемдеп қолдануды түсіндіру.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Тазалықтан кейін асханаға дайын болуды үйрету.* | *көмегімен сөресіне қояды.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жууды ойын арқылы үйрету:* «Алдымен сабын, кейін су». ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуынғанда шуламай, тәртіп сақтауды еске салу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуған балаларды жайғасып отыруға бағыттау.* | *киімдерін шешіп, орындарына қоюға баулу.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жууға көмектесу, сүлгісіне сүрту.* «Сабын – су – сүлгі» *деп айту.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамауды түсіндіру.* «Қол жуамыз – шашпаймыз». ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдары таза болған соң балаларды үстелге отырғызу.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Суды да, асты да үнемді тұтынған бала – ұқыпты бала. Үнемділік – берекенің кілті.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты* | ***Әңгіме:*** *– Әр тамшы су мен әр түйір ас – бізге берілген несібе. Оны құрметтеу – біздің міндетіміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су төгілсе, тайып* | ***Әңгіме:*** *– Су – табиғаттың сыйы, ал ас – үлкендердің еңбегі. Сондықтан екеуін де қадірлейік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су ішіп болған соң* | ***Әңгіме:*** *– Бізге су да, ас та жеткілікті болуы үшін артық пайдаланбаймыз. – Тамақтанғанда табақтағы асты тауысып жеу – әдемі* | ***Әңгіме:*** *– Балалар, суды үнемдеп пайдалану керек. Қолымызды жуған кезде суды ағызып қоймаймыз. – Ас та – қымбат. Тамақты төкпей,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *абайлап ішеміз.*<br>*– Орнымыздан тұрмаймыз, шуламаймыз.* | *кетпеу үшін абай боламыз.*<br>*– Ас ішіп болған соң «Рахмет» деп айту – әдептіліктің белгісі.* | *ыдысты орнына қоямыз.*<br>*– Ас үстінде қасықты бұлғап ойнамаймыз.* | *әдет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты төкпей ұстаймыз.*<br>*– Асығып жегенде қақалып қалмау үшін асықпай шайнаймыз.* | *ысырап қылмай жеген дұрыс.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ылғал жерде жүгірмейміз.*<br>*– Ас ішіп отырғанда тыныш отырамыз.* |
| Күндізгі ұйқы | *Балаларға киімдерін шешуді ойын түрінде қызықтырып үйрету.*<br>*Киімін жинап қоюға мақтап қолдау көрсету.*<br>*Әр баланы төсегіне апарып, жатқызу.*<br>*Көрпесін көтеріп, жастығына ыңғайланып жатуына көмектесу.*<br>*Жұмсақ дауыс пен жылы сөздермен ұйықтауға жетелеу.* | *Баланың киімін шешуге көмектесіп, өзі шешуге ынталандыру.*<br>*Киімін таза ұстау үшін дұрыс қоюды көрсету.*<br>*Төсегіне жайғастырып, дұрыс жатуын бақылау.*<br>*Жастығын бауырына алып, көрпесін өз бетімен жабуға жаттықтыру.*<br>*Бөлмеде жарықты бәсеңдетіп, ұйқыға дайындау.* | *Баланы киімін кезекпен шешуге баулу.*<br>*Шешілген киімді орындыққа, қорапқа салуды үйрету.*<br>*Төсегіне жатып, қолын басына қойып ыңғайландыру.*<br>*Көрпесін көтеріп, өзін жылы ұстауға бағыттау.*<br>*Бөлмеде тыныштық орнатып, жайлы ұйқыға жағдай жасау.* | *Киімін шешуге көмек беріп, өздігінен шешуді үйрету.*<br>*Шешілген киімін ұқыпты етіп бүктеуін қадағалау.*<br>*Төсегіне өзі барып жатуына мүмкіндік жасау.*<br>*Көрпесін жамылып, жастығына дұрыс жатуын көрсету.*<br>*Баланы тыныштық сақтап, көзін жұмып жатуға үйрету.* | *Балаларды баяу киімдерін шешуге шақыру.*<br>*Шешкен киімін әр бала өзінің орнына қоюға үйрету.*<br>*Баланы төсегіне апарып, жатқызу.*<br>*Жастығын түзеп, көрпесін үстіне жабуға көмектесу.*<br>*Баланы тыныштықта жайланып жатуға баулу* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып* | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Шыныгып бір алайық.* | *қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | *қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* | *Тарқасайық, тұрайық* | *ашайық* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Тәртіпті бала ас ішіп отырғанда шуламайды, бәріне үлгі болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты үстелге қатты қоймаймыз, сындырып алмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Жеміс-жидек пен көкөністе дәрумендер бар. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, майдалап шайнаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдырып қою – ысырап.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, асығып жеген дұрыс емес.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ыдысты дұрыс ұстасақ, тамақ төгілмейді. Ыдысқа асымызды абайлап саламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкен бала күшті, сергек болады. Ас – денсаулықтың қайнары.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асқа үрлеп ішеміз, күйіп қалмау үшін.* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс- | ***«Құстар біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:***<br>*Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлық-пен* | ***«Жемістер жыры»***<br>***Алма***<br>*Нарттай қызыл алмам бар,*<br>*Мәз болады алғандар.*<br>*Жазда әдемі киінем,*<br>*Тілді балдай үйірем.*<br>***Өрік***<br>*Уылжыған өрікпін,*<br>*Бау-бақшаға көрікпін.*<br>*Қара деген атым бар,*<br>*Менен де дәм* | ***Күн мен жаңбыр.***<br>*Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың* | ***Тақпақ үйрету.***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?* | ***Кел, тыңдайық ертегі.***<br>***«Балапандар» ертегісі***<br>***Мақсаты:*** *Ертегі желісіндегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз образын ажырата біледі.*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау*<br>***Әжемнің ертегісі*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті,<br>кітап қарау<br>және<br>басқалары) | *қарауға баулу.*<br><br>*Дамытушы ойындар*<br>*1-ойын: «Құстардың дауысы»*<br>Құстардың дауыстары (шиқылдау, қаңқылдау, шырылдау) қойылады.<br>Балалар қай құс екенін табады.<br>*2-ойын: «Ұясын тап»*<br>Үлкен қағазда ағаштың суреті беріледі, ал бөлек құстар мен ұялардың суреттері бар.<br>Балалар құсты өз ұясына орналастырады.<br>*3-ойын: «Жем шашамыз» (қимылды ойын)*<br>Ойын алаңына дән, жем суреттері қойылады. | *татыңдар.*<br>***Сергіту сәті: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде Жол ережесі»***<br><br>***«Жол бойымен»***<br><br>*Міндеттері: Әр түрлі көлік түрлері туралы білімдерін бекіту; зейінді, есте сақтауды жаттықтыру.*<br><br>*Материал: Жүк көліктерінің, жеңіл автомобильдердің, чиптердің суреттері* | *арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.*<br>***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде Қауіпсіздік ережесі:***<br><br>***«Не артық?»***<br>*Мақсаты: Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға,* | *Біз үйде – бесеуміз*<br>***Ұлттық құндылық негізінде. «Өрт қауіпсіздігі»***<br><br>***"ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ БОЛҒАНДА "***<br><br>*Алдын ала жұмыс: үй қауіпсіздігі туралы әңгімелер,от пен су туралы мақал-мәтелдерді үйрену,От-адамның серігі және көмекшісі " тақырыбындағы әңгіме»,от, су, тұрмыстық заттар туралы жұмбақтарды болжау.Үйде қиындық болмас үшін "тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру»,Өрт туралы мақал-мәтелдермен танысу,Өрт қауіпсіздігі бойынша дидактикалық* | <br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім .***<br>***Балалармен амандасу.***<br>***«Пойыз» ойыны.***<br>*Балаларға үлкен себеттегі сылдырмақты көрсету. Сылдырмақты балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары:Сылдырмақпен***<br>*1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде. Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу*<br>*2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Сылдырмақты алға созу.. Отыру, тұру. Б. қ. Келу*<br>*3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар құс болып «ұшып», жемді жинайды.<br>***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде*** | | *олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету.* | *ойындар.* | *Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, сылдырмақ кеуде тұсында.<br>Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу.<br>Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау.<br>1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу.*<br>***Тыныс алу:*** *.<br>«Сылдырмақты үрлеу».*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:***<br>*Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.*<br>***Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *соғады.* |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақырыбы: «Табиғат сыйы»*** ***Мақсаты:*** *Баланы табиғатты сүюге, жыл мезгілдерін ажыратуға үйрету.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (күн, бұлт, жаңбыр, қар). «Бұл не? Күн шықса біз не істейміз? Жаңбыр жауса не істейміз?» деп сұрайды. Бала қимылмен көрсетеді (күнде – қолын жайып күледі, жаңбырда – қолын жоғарыдан төменге қозғайды).* | ***Тақырыбы: «Менің отбасым»*** ***Мақсаты:*** *Отбасы мүшелерін танып, мейірімділікке тәрбиелеу.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші суретпен көрсетіп: «Бұл – ана», «Бұл – әке» дейді. Баладан: «Сенің анаң бар ма? Ол сені қалай еркелетеді?» деп сұрайды. Бала қолымен жүрек жасап көрсетеді немесе «анашым» дейді.* | ***Тақырыбы: «Ағаштың жапырақтары»*** ***Мақсаты:*** *Табиғатты қорғауға, байқампаздыққа үйрету.* ***Шарты:*** *Үстелге қағаздан қиылған ағаш пен түрлі түсті жапырақтар қойылады. Тәрбиеші: «Ағашқа жапырақ жапсырайық» дейді. Бала жапырақты ағашқа жапсырады, соңында «Ағаш әдемі болды» деп мақтайды.* | ***Тақырыбы: «Біздің балабақша»*** ***Мақсаты:*** *Баланың өз ортасына деген сүйіспеншілігін арттыру.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші сұрайды: «Балабақшада біз не істейміз? Кіммен ойнаймыз?» Балалар жауап береді. Кейін «Қане, бәріміз балабақшаға келе жатқандай жүрейік» деп шеру жасайды.* | ***Тақырыбы: «Менің ойыншығым»*** ***Мақсаты:*** *Ойыншықтарды бөлісуді, бір-біріне қамқор болуды үйрету.* ***Шарты:*** *Балалар өз сүйікті ойыншығын көрсетеді. Тәрбиеші: «Ойыншығыңды досыңа берші» дейді. Бала ойыншығын беріп: «Ойнай ғой» деп айтады. Кейін тәрбиеші: «Досыңмен бөліскенде қандай көңіл-күйде боласың?» деп сұрайды.* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*** ***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *жүруге дағдыландыру.* | *киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | |
| Серуен | ***Картотека № 7*** *Жылғалар мен шалшықтарды бақылау* | ***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау* | ***Картотека №16*** *Бұталарды бақылау.* | ***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау* | ***Картотека №19*** *Қараторғайларды бақылау* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* | | | | |
| Серуеннен оралу | **«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.**Тазалық процедурасы.Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеуБалаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Кешкі асқа дайындық. | | | | |
| Кешкі ас | *Балалардың беті қолын жуып, кешкі асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Асқа бата беру.Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | «Затты сипаттау» Мақсаты :Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту,қоршаған орта жәйлі | «Көжекті жасыр» Мақсаты:Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету. | «Балықты ұста» Мақсаты:Балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып ,атай білуге үйрету. | «Допты қуып жет» Мақсаты:Тәрбиеші балаға доп салынған кәрзенкені көрсетеді де баланың бір жағында өзімен бірге қатарласып тұруды ұсынады.Одан кейін | ***«Қуыршақты киіндір»*** ***Мақсаты:Қуыршақты ретімен киіндіруді үйрету.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту. | | | кәрзенкеден доптарды алып, балалардан алысқа әр жаққа лақтырады. | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Бүгін балалар ән тыңдап, ырғаққа сай қимыл жасады. Әуенге еліктеп, көңілдерін көтерді. Үйде қысқа ән қойып, бірге билеу пайдалы болады.* | *Бүгін балалар түрлі-түсті қарындашпен сызықтар салды. Қолын қимылдатуға, ойларын бейнелеуге тырысты. Үйде балаңызға еркін сурет салуға мүмкіндік беріңіз.* | *Бүгін балалар құммен, су құю ойындарымен ойнады. Заттарды құю, төгу арқылы ұсақ моторикасын жетілдірді. Үйде балаға шағын ыдыс беріп, су немесе дәндерді құйып-ауысуға мүмкіндік жасаңыз.* | *Бүгін балалар қысқа тақпақ тыңдап, қарапайым сөздерді қайталады. Сөйлеуге талпынып, сөздік қорын дамытты. Үйде жеңіл тақпақтарды бірге айтып, қол қимылдарын қоссаңыздар пайдалы болады.* | *Бүгін балалар шарлармен ойнады. Қол-қимылдарын дамытып, қимыл белсенділігін көрсетті. Үйде балаңызбен түрлі түсті шарларды үрлеп, оларды бірге ұстап көруге мүмкіндік беріңіз.* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Наурыз айы   ІІ-ші апта

**Топ:** Кіші топ «Еркетай»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 10.03 –  13.03. 2026ж

Апта дәйек сөзі: «Отан үшін отқа түс-күймейді»

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| | **ҚР әнұраны** | | | |
| **Балаларды қабылдау** | ***Күй әуені – баланы шаттықпен қарсы алу, рухани әлемін байыту. «Адай»*** | ***Күй әуені –бүлдіршінді қазақтың салт-дәстүріне жетелеу. «Бұлбұл»*** | ***Күй күмбірі – баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру. «Алатау»*** | ***Қоңыр күй – баланы өнерге сүйіспеншілікпен қарсы алу. «Сарыарқа»*** |
| | *Баланы ата-анасымен қарсы алу.<br>Баланы  қолынан ұстап сенімділік сыйлау.<br>Киімін шешуге көмектесу<br>Жаңа ортаға бейімделуі үшін ойыншықпен немесе сүйікті бұйымымен топқа кіргізу.* | *Баланы қарсы алып, ата-анасына қоштасуға көмектесу.<br>Қысқа сұрақ арқылы көңіл-күйін білу<br>Киімін шешуге үйрету: жеңіл киімін өзі шешуге мүмкіндік беру, қалғанын тәрбиеші көмектеседі.<br>Мінез-құлқында мазасыздық байқалса, ойын арқылы көңілін бөлу.* | *Баланы жылы шыраймен қарсы алып, көңілін көтеру.<br>Ата-анасынан түнгі ұйқысы мен таңғы асын сұрау.<br>Денсаулығын бақылау: дене қызуы, жалпы қимылы.<br>Жаңа ортаға бейімделуі үшін топтағы балалармен бірге қарапайым ойынды бастау.* | *Баланы  қарсы алып, сенімділік атмосферасын қалыптастыру.<br>Ата-анасынан баланың таңғы жағдайы туралы сұрап білу.<br>Дене қызуын өлшеп, көз-құлағын сырттай бақылау.<br>Киімдерін шешіп, шкафқа реттеп қоюға көмектесу.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | |
| | *Ерте келудің маңызы – тәртіп пен ұқыптылықтың негізі екендігі жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Балабақшаға дер кезінде жеткізуге мән беріңіз.* | *Дұрыс тамақтану – денсаулықтың басты кепілі екендігі жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Баланың ас мәзіріне жеміс-жидек пен көкөніс қосыңыз.* | *Спорт – баланың шынығып, сергек болуына көмектесетіні жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Таңертең баламен бірге жеңіл жаттығу жасаңыз.* | *Қауіпсіздік – күнделікті өмірде баланы қорғаудың маңызды шарты жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Жолда жүру ережелерін үйретіңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, экспериментал дық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Дид ойын:***<br>***Түрлі түсті жолақшалар.***<br>***Мақсаты:*** *Сурет арқылы балалар ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата алады.* | ***Дид ойын:***<br>***«Кілтті тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата біледі, топтастыра алады.* | ***Дид ойын:***<br>***«Қажет суретті тап»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Үлкен және кіш ұғымдарын түсіне отырып, үлкен-кіші заттарды топтастыру-ға үйренеді.* | ***Дид ойын:***<br>***«Көжекті жасыр»***<br>***Мақсаты:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйренеді.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Наурыз айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Наурыз айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Наурыз айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| *Таңғы ас* | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Әңгіме:***<br>*– Орындықта түзу отырып тамақтанамыз. Арқаңды тік ұстау – әдемі әдет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, ас ішер алдында қолымызды жуамыз. Таза қол – денсаулық кепілі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ылғал еденде жүгірмейміз, тайып кетуіміз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Қолымызға жақсы сыйса, тамақты оңай жейміз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасығымызды бұлғап ойнамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, біздің ішетін тамағымызда дәрумендер бар. Дәрумендер бізді мықты, қуатты етеді. Сүт – сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс – денемізді сау қылады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Көкөністі, жемісті асықпай шайнаймыз. Үлкен кесектерді жұтпаймыз, қақалып қалмау үшін.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *«Қамқор» жобасы*<br>***Ойын: «Қуыршақты құтқарайық»***<br>*Тәрбиеші: «Қуыршақ жылап қалыпты. Кәне, бәріміз оған күліп, қолымызды бұлғайық!»*<br>*Балалар: «Жылама, қуыршақ!» – деп қуыршаққа күлімдеп қол бұлғайды.*<br>***Мағынасы:*** *мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.* | *«Шабыт» жобасы*<br>***Ойын: «Кім қалай ән айтады?»***<br>*Тәрбиеші: «Құстар қалай сайрайды? Мяулайтын не? Ит қалай үреді?»*<br>*Балалар жануардың дауысын салып көрсетеді.*<br>***Мағынасы:*** *дыбыстау арқылы сөйлеу мен еліктеушілікті дамыту.* | *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*<br>***Ойын: «Жинап қояйық»***<br>*Тәрбиеші ойыншықтарды ортаға шашып қояды. «Балалар, ойыншықтар үйін таппай қалыпты. Кәне, бәріміз бірге жинап қояйық!»*<br>*Балалар ойыншықтарды жәшікке салады.*<br>***Мағынасы:*** *еңбекке баулу, тәртіпке үйрету.* | *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*<br>***Ойын: «Жануарды көрсет»***<br>*Тәрбиеші: «Қоян қалай секіреді? Аю қалай жүреді? Құс қалай ұшады?»*<br>***Мағынасы:*** *қимыл арқылы ойлау қабілетін дамыту, қиялды жетілдіру.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | ***Қамқор жобасы жобасы – экологиялық мәдениетті қалыптастыру*** | | | |
| | *Тосын сәт. «Күншуақ қоян» көктемінен дыбыс*<br>***Аудио***<br>*Қайырлы таң, қымбатты* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар мен сендерге қызық ойын әкелдім. Ойнаймыз ба?*<br>***Қим ойын: «Ағыс бойымен»*** | ***Тосын сәт.***<br>***АКТ технологиясы***<br>*Қонаққа мұңды күн келеді балалар:* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***«Балалар, менің ойымша, біреу есік қағып тұр ма? Бұл кім екен? Почташы*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
